

Бекітемін

ЖШС «Лилия» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі

Яворская Л.И.



**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТЕРІНІҢ
ХАТТАМАЛАРЫ**

Шымкент 2024ж

№1 Әдістемелік кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 11

12.09.2023ж.

Күн тәртібінде:

1. «Балабақшада ойын технологияларды пайдалану отырып таным процестерін дамыту» тақырыбында әдіскердің баяндамасы
2. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмысын талдау.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру.
4. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындау.
5. Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстары жайында түсінік беру және өткізілу мерзімдерін бекіту
6. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

-Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Әдістемелік кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Балабақшада ойын технологияларды пайдалану отырып таным процестерін дамыту» тақырыбы бойынша сөз бастайын. «Ойын-бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы» дегендей, ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызының жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазады: «Бала ойында қалай болса, кейін өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады».

Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері – ол балалардың қоршаған ортаны, адамдардың қимылын, іс-әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады, - деп толықтай баяндамасын оқып шықты.

2. Сөз кезегіндегі екінші сұрақ «2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмысын талдау» бойынша сөз кезегін У.О.Ахметова алды. Биылғы 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жоспарына келіп тоқталсам, жылына үш рет әдістемелік отырыс жоспарлануда. Сонымен қатар, әдістемелік көмек көрсету мақсатында шығармашылық топтар ұйымдастырылып, онда жыл бойына мынадай тақырыптар қарастырылады. Педагогтың мәдениеті, Педагогикалық әдеп, «Тәрбиеші мен ата-аналардың

қарым-қатынасындағы ерекшеліктер». Яғни, тәрбиеші бойындағы эстетикалық талғамды, адамгершілік пен сезімталдылықты, шыдамдылық пен бауырмалдылықты, дамыту жайында, Педагогикалық әдеп туралы түсінік беру отырып, әртүрлі педагогикалық ситуациялардан шығу жолын табу жайында сөз қозғаймыз. Әдістемелік кабинетте жас мамандарға әдістемелік кеңестер беріледі және жылда үш рет жүргізілетін мониторинг жайында, Республикалық немесе облыстық басылымдарға мақала жариялау мақсатында әдістемелік көмек көрсетіледі, т.б.,- деп толық тоқталып өтті.

3. Үшінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру» тақырыбы бойынша сөз кезегін У.О. Ахметова алды. Биылғы оқу жылының қыркүйек айында өткізілетін мониторинг былтырғы жылдың мониторингінен айырмашылық мүлдем жоқ. Білім басқармасынан келген хатына сәйкес мониторинг уақытылы өткізіліп, қорытындысы жіберілуі қажат. Сіздерге қысқаша мониторингті өткізудің мақсаты жайында айтып өтейін.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап, республиканың мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарындағы балалардың даму деңгейлеріне мониторинг жүргізудің бірінғай жүйесі енгізілді. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді, -деп толық тоқталып өтті.

4. Кеңестің төртінші мәселесі «Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындау» бойынша айтар болсам, барлық тәрбиешілер өзіндік білімін көтеру мақсатында жыл бойында жұмыс жасайтын тақырыптарын ұсынды. Ондағы мақсаты, міндеттері мен атқарылатын жұмыстары толығымен жазылды.

Бүгінде ғылым білімге қояр талап артып, оқу жүйесі де күрделенген шақта жаңа қоғам мұғаліміне жүктелер жүк еселене түсуде. Ұстаз қауымы алдында жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшіне жол бастайтын, әрі ұлттық рухта сусындаған білімді, дарынды азаматтар тәрбиелеп шығару міндеті тұр.

Бұл жолда мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру сынды мәселелер балабақша алдында тұрған жауапты іс болмақ..

Қазақстан Республикасы «Білім» туралы Заңының 51 бабының 5-тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігі, парасаттылығын, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті,»-делінген.

Мұғалім еңбегі жоғары деңгейдегі ұтқырлығымен, күрделілігімен және жан-жақтылығымен ерекшеленеді, бұл оның терең және кәсіптік білімінің, білік-дағдыларының болуын қажет етеді. Өзіндік білім алудың шеңберінен тыс мұғалімнің тұлғалық және кәсіптік дамуы мүмкін емес.

Қазіргі Қазақстандағы білім жетілдірудің түрі көп. Мектеп мұғалімдері үнемі үздіксіз білім жетілдіруге барлық жағдай жасалған.

Білім беру процесін ақпараттандыру, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдермен қамтамасыз ету, мұғалімдердің жеке және қауымдастықтар арқылы білім жетілдіруіне бар мүмкіншілік жасалған,- деп толық тоқталып өтті.

5. Бесінші мәселе «Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстары жайында түсінік беру және өткізілу мерзімдерін бекіту» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды. Биылғы 2023-2024 оқу жылына барлық тәрбиешілер жыл бойына өткізетін ашық сабақтарының тақырыптарын өткізді. Яғни, біздің ашық сабақтарыным 2024 жылдың қаңтар айынан басталып, оқу жылының соңына дейін жалғасын табуда. Олар: ортаңғы топтың тәрбиешілері: «Путешествие в сказочный лес», ««Путешествие в страну знаний», ал ересек топтары «По дороге к знаниям!!!», «Необычное путешествие к самому себе», ал мектепалды даярлық топтары «Письма из страны Всезнаек» және «Итоговое занятие» өткізуді жоспарлап отырмыз, -деп сөзін аяқтады.

5. Өртүрлі мәселелер бойынша әдіскерге сұрақтар қойылды.

- Биылғы оқу жылында Өрлеу БАҰО курстар болады ма? Және олардың төлем ақылары қанша,- деп О.А.Лигус сұрақ қойды.

- Әрине, Өрлеудің курстар болып жатыр. Биылғы оқу жылында оқу керек тәрбиешілерді тізімге қосып, Өрлеу БАҰО бастығы Л.Искакованың атынан сұраныс жібереміз. Төлем ақысы және болатын күнін анықтап, хабарын беремін,- деп әдіскер У.О.Ахметова жауап берді.

- Басқа сұрақтарын болмаса осымен әдістемелік кеңесімізді аяқтап, шешім шығарайық.

Шешім:

1. «Балабақшада ойын технологияларды пайдалану отырып таным процестерін дамыту» бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмыстары жалғастырылсын.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізіліп, әдіскердің жинағы жасалынсын.
4. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттері айқындалып, жұмыстар жүргізілсін.

5. Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстары жайында түсінік беру және өткізілу мерзімдерін бекітілді, өткізілсін.
6. Өртүрлі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Әдіскер:



У.О.Ахметова

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Кезеңдік басылымдарға жазылуды рәсімдеу
2. Педагог қызметкерлердің қатысқан семинар, байқауларын талқылау
3. Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстарының есебі
4. Әртүрлі мәселелер

Тындалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

-Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Әдістемелік кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Кезеңдік басылымдарға жазылуды рәсімдеу» тақырыбы бойынша сөз бастайын. Осы Шымкент қаласы бойынша ұйымдастырылып жатқан конференция, семинарларға қатысу барысында байқағанымыз, Республикалық, облыстық көлемде мақалалар жариялап, конференция кітаптары беріліп жатуда. Сонымен қатар облыстық көлемде газет журналдарға өзіңізді қызықтырған тақырыпта ізденіп, мақала жазсаңыз, ол сіздің ертен партфолиоңыздың толық болуына және мақала жаза алу дағдыңыздың дамуына зор әсерін береді.

Ал енді мақала жазып көрмеген педагог үшін қысқаша жазу үлгісі туралы анықтама беріп өтейін.

- 1.Мақаланың не туралы, жазылатынын, не мақсатта жазылатынын анықтап алыңыз.

- 2.Аудиторияны анықтап алу керек. Жазудан бұрын кім үшін, қанша жастағы оқырман үшін жазатыныңызды анықтап алыңыз. Мәселен, ғылыми мақала мен балаларға арналған мақаланы шатастырмау керек. Аудиторияға сәйкес, дайындығыңыз да өзгеріп отыруы керек.

- 3.Оқырманға не керектігін іздеңіз. Оқырмандар не туралы білгісі келеді? Олар іздеген мәліметті беруге сіздің білім қорыңыз жеткілікті ме? Бұл арқылы мақала жазуға сюжет табу оңай болады. Бірақ өз білім қорыңызбен ғана шектелмей, жаңа деректер іздеп, оларды меңгеру арқылы пайдалы мақала жаза аласыз.

- 4.Жазатын мақалаңыз еш жерде талқыланбаған, жаңа, өзекті болсын. Ал егер сіз жазғыңыз келген тақырып жауыр болса, оның берілу форматын өзгертңіз, яғни өзге бір қырынан беруге тырысыңыз. Бар дүниені қайталап жазып шығу емес, ең болмағанда сол ақпаратты толықтыру сіздің мақалаңыздың өзектілігін арттырады. Бұл арқылы оқырманның назарын аударасыз әрі олар әр жазған мақалаңызға қайта оралып оқитындай болады.

- 5.Жазатын тақырыбыңызды өзге ешкім, ешқашан жазбаған болсын. Мақалаға өзгеше реңк, жаңа тұрпат беріңіз.

6. Тақырыпқа жаңа ойлар қосыңыз. Өз ұсыныстарыңызды немесе өзге авторлардың мақаласында жоқ деректерді қосыңыз. Бұл – оқырманның бүгінгі ақпарат тасқынында дәл сіздің мақалаңызды тандап оқуға себеп болады.

7. Қызықтыра жазыңыз. Оқырман ғана емес, жазып жатқан тақырыпқа өзіңіз де аса үлкен мән беретінін сіз көрсетіңіз. Сіздің қызығушылығыңызды көрген оқырман да мән бере бастайды. Тіпті оқырманның ой қорытуына, сараптауына мүмкіндік беретіндей етіп жазыңыз,- деп сөзін аяқтады.

2. Екінші мәселе «Педагог қызметкерлердің қатысқан семинар, байқауларын талқылау» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

Желтоқсан айында біздің балабақшамызға МДҰ Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу бойынша ұсынымдар жіберілген. Соның негізінде балабақшамыздың барлық топтарында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, суретке, видеоға түсіріліп, инстаграм парақшасына жарияланды.

Мектепке дейінгі дамыту орталығы ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының 2024 жылғы 31 қаңтардағы №01-06-38 хат негізінде мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен «Барлығына рақмет» челленджін өткізу керектігі туралы хат келген. Осыған байланысты «Китенок» ересек тобының тәрбиешілері О.В.Рыбникова мен Е.Ю.Кривоносова «Всех благодарью, всем спасибо» тақырыбында челлендж өткізіп, балабақшаның инстаграм парақшасына жарияланды.

Сонымен қатар, Шымкент қаласы білім басқармасының «Мектепке дейінгі дамыту орталығы» Балаларды ерте дамыту институтының 16 қаңтардағы №01-06-09 хатына сәйкес «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы» тақырыбында мектепалды даярлық тобында ұйымдастырылған іс-әрекет өткізу керектігін айтқан. Біздің балабақшамыздың «Жауқазын» және «Ромашка» тобының тәрбиешілері үйіміз өткізіп, видеоролигін инстаграмм парақшасына жариялаған.

3. Күн тәртібінде үшінші мәселе «Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстарының есебі» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу сабақтарын «Динозаврики» және «Лучик» ортанғы топтары өткізді. Динозаврики тобының тәжірибе алмасу сабағының тақырыбы: «Путешествие в сказочный лес», ал Лучик тобының ашық сабақ тақырыбы: «Путешествие в страну знаний». Екі топтың ашық сабағы жақсы өтті. Тәрбиешілер мен балалардың дайындықтары өте жақсы, көрнекі құралдары жақсы дайындалынған. Талдау парағы толтырылып, қызметкерлер арасында талқылау жүргізілді. Алдағы уақытта қалған төрт топтың тәрбиешілері өткізуді жоспарлап отыр.

4. Әртүрлі мәселелер бойынша сұрақты Ромашка тобының тәрбиешісі Н.Н.Крайниченко қойды.

- Бұрындары Өрлеу БАҰО курстан 5 жылда бір рет өтетін едік. Кәзіргі таңда өзгерістер бар ма?

- Ия, кәзіргі таңда өзгерістер бар. Өрлеу БАҰО курстан өту кәзір 3 жылда бір рет деп өзгертілді. Біздің балабақшамыз жекеменшік болғандықтан курстан тыңдаушылар ақылы түрде өтеді. Сұраныс дайындап, меңгерушіге қол қойдырып, мөр басып, Өрлеу қызметкерлеріне жіберілді.

- Ал, алдағы уақытта өтетін 8 наурыз Халықаралық әйелдер мейрамына дайындықтың қалай, сұрақтарыңыз болса...- деп әдіскер сұрақ қойды.

- Ертеңгілікке залды безендіру бойынша ойымды айтып кетсем,- деп сөз кезегін Л.Валентиновна алды. Залдың төр жағындағы пердені ауыстырып, көктемнің суреті бар қыз бейнесі салынған пердені базардан көрдім. Соны алып, тіктіріп, ортасына ілсек. Ал жан-жағында ақ түсті перде болсын. Ал залдың жанындағы терезелерге әдемілеп оюлар ілсек, өте сәнді болар еді – деп сөзін аяқтады. Барлық қатысушылар бір ауыздан келісім берді.

Барлық кеңес отырысының қатысушылары бір ауыздан келісіп, қоштады.

- Басқа сұрақтарын болмаса әдістемелік кеңесті аяқтайық,- деп әдіскер сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Кезеңдік басылымдарға жазылуды рәсімдеу жалғасын тапсын.
2. Педагог қызметкерлердің семинар, байқауларға қатысуы жалғастырылсын
3. Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстары жалғасын тапсын
4. . Өртүрлі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Әдіскер:

У.О.Ахметова

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы.
2. Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстарының есебі
3. Оқу жылында тәрбиеленушілерге өткізілген мониторинг бойынша қорытынды есеп
4. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

-Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Әдістемелік кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы» бойынша айтар болсам, жыл бойына көптеген жұмыстар жасалды. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат негізінде жұмыстар жасалды. Педагогтар өз білімін жетілдіру бойынша қыркүйек айында әдіскерге тақырыптар берген, сол тақырыптар бойынша жыл бойына кеңестер алып, жұмыстар жасалынды. Жыл бойына педагогтарға «баланың балабақшаға бейімделуі», «Үш жақты: бала-ата-ана-тәрбиеші болып тығыз білім, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, баланың жан-жақы дамуына ықпал жасау», «Балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жасау», т.б. тақырыптарда тәрбиешілерге кеңестер берілді. Ал, жас мамандар нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстырылды, ХХІ ғасыр педагогына қойылатын талаптар, педагог стандарты, жас мамандардың ұйымдастырылған оқу қызметін көрсету, бағалау бойынша кеңестер берілді. Педагогтар мен тәрбиешілерге мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, шығармашылық потенциалын дамыту, әдістемелік қолдау көрсету мақсатында іс-шаралар жоспарланып, өткізілді. Сонымен қатар, әдістемелік кеңестер өткізіліп, көптеген тақырыпта жұмыстар жасалды және әдістемелік кабинеттің жұмыстары, яғни тәрбиешілерге мониторинг өткізу бойынша кеңестер, қалалық, Республикалық басылымдарға мақала жариялау бойынша кеңестер берілді. - деп толық тоқталып өтті.

2) Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстарының есебі» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Мына кестеде көрсетілген тақырыптар бойынша барлық топтың тәрбиешілері ашық сабақтар өткізді. Барлық ашық сабақтарға меңгеруші, қызметкерлер қатысты. Ашық сабақ барысында көптеген жаңа дидактикалық әдістер пайдаланылды, көрнекіліктер мен сергіту жаттығулары жүргізілді. Балалар сабаққа өте белсене қатысты, өз ойларын толық жеткізе алды.

Тәрбиеші сабақ барысында интеграцияны пайдаланды және сабақ соңында сұрақ жауап айдары көмегімен сабақты қорытындылады.

	Тақырыбы	Жауаптылар	Мерзімі
1	Путешествие в сказочный лес	Лигус О.А. Шишкина Л.В.	Қаңтар
2	«Путешествие в страну знаний»	Костеневич Я.В.	Ақпан
3	По дороге к знаниям!!!	Рыбникова О.В. Криваносова Е.Ю.	Сәуір
4	Необычное путешествие к самому себе	Сыздыкова А.А.	Наурыз
5	Письма из страны Всезнаек	Хоменко Л.Л. Иванятова М.А.	Мамыр
	Итоговое занятие	Крайниченко Н.Н.	Мамыр

Қорытындылай келе, тәрбиеші сабақтың мақсатына жетіп, түйінін аша білді. Ашық сабаққа талдау парақтары толтырылды, - деп сөзін аяқтады.

3) Үшінші мәселе «Оқу жылында тәрбиеленушілерге өткізілген мониторинг бойынша қорытынды есеп» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

Мониторинг қорытындысы бойынша айтап болсам, мамыр айының басында білім басқармасы тарапынан келген хатқа байланысты біздің балабақшамызда әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті қадағалауға, мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік алу үшін қорытынды мониторинг жүргізілді. Мониторинг қорытындысын айтар болсам бастапқы, аралық мониторинг қорытындысымен салыстырғанда көрсеткішіміз жоғары болып тұр. Өйткені бастапқы мониторингте кездескен қиыншылықтармен тәрбиешілер жақсы жұмыс жасап, аралық мониторингте кездескен кемшіліктермен жұмыс жасап, қорытынды мониторингте нәтиже жоғары болды. Қорытынды мониторингтің нәтижесін хаттамаға қоса тіркеймін, - деп сөзін аяқтады.

4) Әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды. Кәзіргі таңда мектепке дейінгі дамыту орталығынан 2024 жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар жіберілді. Мектепке дейінгі

ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау.

Жаз мезгілінде таза ауада болу баланың ағзасын нығайтады және шынықтырады, оның жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Дәл осы кезең мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту үшін пайдаланылады.

Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру жұмысын дұрыс ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға (заңды өкілдерге) шынықтыру және сауықтыру мәселелері бойынша қажетті әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер береді. Сол мақсатында арнайы күн тәртібі мен перспективалық жоспардың үлгісі жіберіліп, сол бойынша құжаттар дайындау үстіндеміз, -деп сөзін аяқтады.

-Әр түрлі мәселелер бойынша сұрақтарыңыз болса қойсаңыздар болады? - деп әдіскер сөз сөйледі.

- Алдағы уақытта 1 маусым күні балаларды қорғау күніне арналған іс -шара туралы айтып өтсеңіз?- деп тәрбиеші О.А.Лигус сұрақ қойды.

- Ия, өте орынды сұрақ. 1 маусым балаларды қорғау күніне арнап «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында мерекелік іс-шара жоспарлануда. Әрбір топтың балалары тақпақтарын айтып, әндерін шырқайды. Музыка жетекшісі кәзіргі уақытта жоспар дайындап жатыр, ал, хореограф Кульназарова Анастасия балаларды керемет биге үйретуде. Ал, артынша аниматорларды шақыртып, қызықты қуыршақ театрін көрсетеміз. Басқа сұрақтарыңыз болмаса кеңестің шешімін шығарып, қорытынды жасайық, - деп әдіскер сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп шешілсін;
2. Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстарының есебі қабылданып, жұмыстар жалғасын тапсын;
3. Оқу жылында тәрбиеленушілерге өткізілген мониторинг бойынша қорытынды есеп қабылданды;
4. . Әртүрлі мәселелер бойынша, 1 маусым – Балалар мерекесі жоғары деңгейде өткізілсін.

Әдіскер:

У.О.Ахметова